

**2016 жылы Қарқаралы ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы**

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы XLIV сессиясының № 44/388 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 қаңтарда № 3623 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 72 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 9946 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қарқаралы ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына, өтініш берген сәтіне жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы ұсынылсын.

2. Қарқаралы ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына өтініш берген сәтіне тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін, маманмен мәлімделген сомада, бірақ бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын, бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау ұсынылсын.

3. Қарқаралы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы XXXIV сессиясының № 34/290 "Қарқаралы ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу Тізілімінде № 2925 тіркелген, 2015 жылғы 31 қаңтардағы "Қарқаралы" № 9-10 (11340) газетінде, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 30 қаңтарда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. "Қарқаралы ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы шешімді іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

5. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

*44 сессия төрағасы:*

*Р. Смагулов*

*Аудандық мәслихат хатшысы:*

*С. Нуркенов*

**КЕЛІСІЛДІ:**

*"Қарқаралы ауданының  
экономика және қаржы бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы  
Б. С. Берниязов*

**24 желтоқсан 2015 жыл**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК